



БҰЙРЫҚ №248

ПРИКАЗ

« 29 » 08 2024 жыл

№ _____

Қызылорда қаласы

город Кызылорда

**Жалпы білім беретін ұйымдарда 1-4 сынып
оқушыларының тағамын ұйымдастыру
туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы № 2 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» сайлау алды бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының 77 бөліміндегі барлық бастауыш сынып оқушыларын тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

- 1.2024 жылдың 1 қыркүйегінен бастап 1-4 сынып аралағындағы 764 білім алушыға тегін ыстық тамақ ұйымдастырылсын.
- 2.2024 жылдың 01 қыркүйек айынан бастап 1-4 сынып білім алушыларының тегін тамақпен қамтылуы қалалық білім бөліміне қарасты «№282 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 02.08.2024 жылғы №69 келісім шартына сәйкес ЖК «Маделхановаға» Маделханова Күнімханға міндеттелініп, бұйрықпен таныстырылсын.
- 3.Тегін тамаққа тізімге алынған білім алушылардың уақытылы тамаққа баруын қадағалап, оқушылардың толық баруын қамтамасыз ету, дәлелді себептермен сабақта болмаған жағдайда сынып жетекшілерінің ескертуі. Ай сайынғы мәліметті **kundelik.kz** бірдей табель және сабақтан қалғанын дәлелдейтін анықтамаларын өткізу сынып жетекшілерге тапсырылсын.
- 4.Оқушылардың санын анықтап, тамақтану кестесін жасау, уақытын белгілеу мектеп әлеуметтік педагогы З.Алмағанбетова тапсырылсын.
- 5.Тамақ өнімдерінің сапасына, дайындалған тағамдардың сапасына, технологиялық жабдықтардың болуына және жарамдылығына, азық-түліктерді, дайын тағамдарды сақтау, жеткізу мерзімдері мен шарттарының сақталуына, балалардың нақты тамақтану рационының күнделікті, перспективалық ас мәзіріне сәйкестігіне, асхананың санитарлық жағдайларының сақталуына комиссия мүшелерімен ай сайын мониторинг жүргізілсін.
6. Ас блогының тазалығын, ас блогы қызметкерлерінің медициналық байқаудан уақытылы өтуін және күн сайын аспаздардың денсаулық жағдайын

бақылау, келіп – түскен тағам өнімдерінің сапасын, олардың сақталу мерзімдері мен жағдайларын бақылау, күн сайын дайын тағамның сапасына (органолептикалық бағалау жүргізеді) бракеражды журналға түсіре отырып рұқсат беру, дайын тамақтың тәуліктік сынамасына, оның сақталу тәртібіне бақылау, III – тағамдардың «С» витаминдеуін жүргізу мектеп медбикесі А.Серикболова міндеттелсін.

7.Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы №2 Жарлығының 77 бөліміне сәйкес жұмыс жасау және қадағалау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Кульмырзаева тапсырылсын.

8.Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзімде қалдырамын.

Мектеп директоры:



Б.Баймагамбетова